

№1 сабақ

Мектеп:	Болашақ мектебі мекемесі	
Педагогтің Т.А.Ә.	Ашимбаева А.Т.	
Күні:	01.09.2023 ж	
Сынып: 2 «Ә»	Қатысушылар	Қатыспағандар саны
Сабақ тақырыбы:	Мектебім-мейірім мекені	
Сабақтың мақсаты:	Мектептің білім ордасы ретіндегі маңызын түсіндіру; Мейірімділік, оқу-білім туралы өз ойларын ортаға салғыза отырып, білімқұмарлыққа шақыру.	




№2 сабақ

Мектеп: Болашақ мектебі мекемесі

Тәрбие сағаты	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	
Күні	08.09.2023 жыл.	
Класс жетекші:	Ашимбаева А.Т.	
Класс: 2 Ә	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	«Еңбек түбі береке»	
Сабақтың мақсаты:	- Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; - Шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыру. - Еңбек жасай білу дағдыларын дамыту. - Еңбексүйгіштікке, адамгершілікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	
Құндылықтарды дарыту		
Ресімдеу	Слайд,презентация	
Сабақтың барысы		





№3 сабақ

Ұзақ мерзімді сабақ жоспар бөлімі

Мектеп: Болашақ

Күні: 15.09.2023ж.

Мұғалімнің аты-жөні: Ашимбаева А.Т.

Сынып: 2 «Ә»

Сабақ тақырыбы:	<i>Ғаламтордағы қауіпсіздік</i>
Сабақ негізделген оқу мақсаты	3.2.1.1. мәтіндік редакторда қарапайым сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; 3.3.1.1. нақты сұрақтарға жауап табу үшін Ғаламторды қолдану; 3.3.2.1. желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру; 3.3.3.1. ғаламтор желісіндегі қажетсіз байланыстың қаупін түсіну
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушы
	мәтіндік редакторда қарапайым сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; ғаламторды қолдану; желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіну; ғаламтор желісіндегі байланыстың қаупін түсіну;
	Оқушылардың басым бөлігі:
	Желіде ақпарат алмасудың пайдасы мен зияны туралы талдау.
	Кейбір оқушылар:
	Ғаламтор қаупінен сақтану шараларын білу;





№4 сабақ

Мектеп: Болашақ мектебі мекемесі

Педагогтың аты – жөні: Ашимбаева А.Т.

Сынып: 2 «Ә»

Күні: 22. 09. 2023жыл

Сабақтың тақырыбы: «Діни экстремизм мен терроризмге» қарсы күрес

Мақсаты:

1. Экстремизм, терроризм, радикализм терминдеріне түсінік беру,
Қазақстан Республикасындағы лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық
негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жайы жөнінде мағлұмат беру.

Келер ұрпақ жас өренді өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы
адами қасиеттерге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: дөңгелек үстел

Сабақтың әдісі: Сұрақ – жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты
дәлелдер келтіру/

Сабақтың көрнекілігі: Тақырыпқа сай дидактикалық материалдар / слайд
суреттері – плакаттар,

Сабақтың жүрісі:

I. Ұйымдастыру

Экстремизм



Экстремизм (*extremus*) деген латын тілінен енген термин, сөздік мәні соңғы, шеткі деген мағынаны білдіреді, ал саяси мағынасы шектен шыққан көзқарас пен іс-әрекет арқылы ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар, бұл тікелей немесе жанама түрде парламенттік демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі болып табылады.



ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСТІҢ
БІР ТЕТІГІ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

№5 сабақ

Тақырыбы: Кітап – білім бұлағы (« Оқуға құштар мектеп » жобасы)

Мұғалім: Ашимбаева А.Т.

Күні: 29.09.2023 жыл

Сыныбы: 2 «Ә»

Сынып сағаты

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу

Көрнекілігі: «Оқуға құштар бол » стенд . « Оқуға құштар сынып » плакат

**Кітап - білім бұлағы,
Білім - өнер шырағы.**

Кітап - ғалым, тілсіз мұғалім.





№6 сабақ

Мектеп: Болашақ мектебі мекемесі

Педагогтың аты – жөні: Ашимбаева А.Т.

Сынып: 2 «Ә»

Күні: 06 . 10. 2023жыл

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Ұстазым, менің ұстазым»

Мақсаты: оқушыларға ұстазды құрметтеуге, сыйлауға, түсіне білуге, бағалауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.

Көрнекіліктер: мақал – мәтелдер жазылған плакаттар, гүлдер, шарлар.

Мұғалім:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы, - деп ақын Ғ. Қайырбековтың жырлағандай, сөзі маржан, ойы дана ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз. Әрине ұстаз жүгі – ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі үмен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, жауапкершіліктің және дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей қателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік емес пе?!



№7 сабақ

Тақырыбы: Жемқорлыққа қарсымыз

Мақсаты: оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыра отырып, «Сыбайлас жемқорлық, парақорлық» сөздерінің мағынасын түсіндіру.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар адам құқықтары жайлы түсініктері қалыптасады;

Оқушылардың белсенділіктері мен қабілеттері артады;

Жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиеленеді.

Кіріктірілген модульдер: АКТ, СТО, оқытудың жаңа әдіс тәсілдері, көшбасшылық пен басқарушылық.

Әдісі: сұрақ жауап, кім жылдам, ыстық орындық, топтық жұмыс, интервью, ТВ шоу, академиялық дау -дамай.

Көрнекіліктер: слайд, қанатты сөздер, маркерлер, А3 қағазы



Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



№8 сабақ

Мектеп: Болашақ мектебі мекемесі

Сынып жетекші: Ашимбаева А.Т.

Күні: 20.10.2023 жыл

Сынып: 2 «Ә» сынып

Сынып сағатының тақырыбы: *Менің Отаным - Қазақстан*

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту; Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Көрнекілігі: ҚР ның рәміздері, қанатты сөздер, гүлдер, слайд, «Менің Отаным- Қазақстан» атты буклет.





№9 сабақ

Мектеп: Болашақ мектебі мекемесі

Сынып жетекші: Ашимбаева А.Т.

Күні: 27.10.2023 жыл

Сынып: 2 «Ә» сынып

Тақырыбы: «Отбасым: ата анам және мен»

Мақсаты:

1. Отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелерінің алатын орны туралы түсінік беру. Отбасы — әр адамның шағын Отаны. Оқушыларға әке — шеше, бауырдың қадірін түсіндіру.
2. Балалар әке — шешесінің қамқорлығына, сүйіспеншілігіне бөленіп, олардың дәулеті мен қызығын көріп қана қоймай, олардан адамгершілік қасиеттерін алып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіру, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге баулу.
3. Оқушылардың бойына ата — анаға деген сүйіспеншілікті, құрмет сезімін ояту. Сыйластыққа, мейірімділікке, татулыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

